

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№5 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

24.02.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, аға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. З.Сахитжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмагомбетова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі - Бүлент Байрам , АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі - Жанахмет Ағыбаев , АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі - С. Таштеев , АК мүшесі білімгерлер өкілі –Құрбан А., АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – С.А.Қонысова, АК мүшесі.

Күн тәртібі:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу
3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру
4. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Ермекбаева А.Ш сөзі алды. Қайырлы күн, АК мүшелері. Бүгінгі жоспар бойынша, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу және Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастырып, Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі туралы сөз болады. Бүгінгі отырыс ашық, аталған мәселелерді талқыласақ.

Бірінші мәселе бойынша, тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша жалпы төрт білім беру бағдарламасын қамтиды. Олар: 7M02313-Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы, 7M02315 – Филология білім беру бағдарламасы және 7M02314- шетел филологиясы түрік тілі білім беру бағдарламасы және 7M02212-Түркітану білім беру бағдарламаларына аудит жасалып, Сыртқы эксперттермен біріге талқылаулар жүргізіліп, ұсыныстар айтылды. Сараптамалық тұжырымдамалар мен сауалнамаларды негізге ала отырып аталған ббб-лардың жақсы деген сипаттамаларға ие болғанын айтып өткім келеді. Яғни, аталған бағдарламалар білім беру кеңістігінде және халықаралық еңбек нарығында мойындалған, ғылыми-зерттеу, редакциялық-баспалық, ғылыми-ұйымдастыру және өзге де қызмет салаларында көкейтесті теориялық және практикалық мәселелерді шеше білу қабілетіне дағдыланған, ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты қазіргі ақпараттық технологияларды қолданып жүргізе алатын және жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуде креативті

ойлап, шығармашылықпен қарай білетін магистранттың тұлғасын қалыптастыруды қамтитынын айтқан.

АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз сөзі алды. 2023-2024 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламаларын бекіту қажеттілігі туындап отыр. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының талқылауынан өткен ұсыныстарына кезек берсек.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі - Жанахмет Ағыбаев сөз алды.

Білім бағдарламаларды талдай келе, гуманитарлық ғылымдардың ауқымды салаларының бірі болып табылатын филология саласының бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерін қарастырумен айналысатын болашақ магистр мамандарды даярлауға бағытталған деп айта аламыз. Аталмыш білім беру бағдарламаларында қамтылған құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері бұл білім беру бағдарламалары аясында білім алып жүрген магистранттарға ең негізгі қазіргі заманғы мәселерін анықтап, оларды зерттеуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына сәйкес магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредиттің 8 кредитке азаюына байланысты, артылған 4 кредит 2022-2023 оқу жылына арналған 7M02315 – *Филология* білім беру бағдарламасындағы 3 семестрдегі төменде көрсетілген таңдау пәндеріне үлестірілді:

1. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері/ Қазақ драматургиясы: тууы, қалыптасуы, дамуы 5 кредиттен 6 кредитке;

2. Қазақ өлеңінің теориялық мәселелері/ Фольклорлық проза 5 кредиттен 6 кредитке;

3. Дәстүрлі жазба әдебиет және оның теориялық мәселелері/ Қазақ этнолингвистикасы 6 кредиттен 7 кредитке ауыстырылды.

АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков. Жұмыс берушілер өкілдері мен сыртқы эксперттердің сараптамалық тұжырымдамаларында Жалпы магистратура -2 жыл-120 кредитті қамтиды. Оның ішінде базалық пәндер 35 кредит, Бейіндеуіш пәндер циклі-53 кредит, Ғылыми зерттеу жұмысы -24 кредит және магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау -8 кредитті қамтиды. 7M02313-Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Шетел тілі (кәсіби) II/ Салыстырмалы роман – 5тен-7 кредитке

2. Іс-әрекет арқылы зерттеу шеттілдік білім беру жүйесінде / Когнитивтік лингвистиканың негіздері – 5-тен- 6 кредитке

3. Ағылшын әдебиетіндегі романтика/18 ғасырдағы британ романы – 5-тен – 6 кредитке және Академиялық ғылыми жазба пәні мен Лингвистикалық зерттеулердегі жаңа технологиялар пәні семестр орындары ауысты.

Сондай-ақ, **АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмагомбетова** сөз алып, 7M02314- шетел филологиясы түрік тілі білім беру бағдарламасы бойынша да сәйкесінше өзгерістер орын алғанын атап өтті.

1. Республика кезеңіндегі түрік әдебиеті / Әдеби сын әдістері– 5тен-7 кредитке

2. Классикалық түрік әдебиетіндегі прозалық шығармалардың зерттелуі / Түрік тілінің этимологиясы бойынша еңбектер– 5-тен – 6 кредитке

3. Түрік драматургиясы / Фольклордағы әдістер, ағымдар және мектептер – 5-тен – 6 кредитке

7M02212-Түркітану білім беру бағдарламасы бойынша:

1. Түркі тілдеріндегі сөздер мен фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері/ XV-XIX ғасырлардағы түркі тілдерінің зерттелуі – 5-тен-6 кредитке
2. Түркі халықтары туралы зерттеулердің этно-генетикалық және генеалогиялық негіздері/ Еуропа ғалымдарының түркітанымдық зерттеулері– 5-тен – 6 кредитке
3. XI-XVI ғасырлардағы араб жазуындағы түркі ескерткіштері/ Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу әдіснамасы – 5-тен – 7 кредитке артып отыр.


Шешім: Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.
Магистратура білім беру бағдарламаларындағы өзгерістер енгізілсін.

Мәжіліс төрағасы:



А.Ш.Ермекбаева

Хатшысы:



С.А.Қонысова